

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ И ЭТНОПЕДАГОГИКИ

FTAMP 14.09.25

И.К. Куатова¹, Б. Д. Керимбекова²

¹магистрант, SDU University, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, E-mail: indira.kuatova@sdu.edu.kz

²филология ғылымдарының кандидаты, SDU University - нің қауымдастырылған профессоры. Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, E-mail: bayan.kerimbekova@sdu.edu.kz

ИНТЕГРАЦИЯЛАЙ ОҚЫТУДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ

Мақала қазіргі білім беру үдерісіндегі интеграциялай оқытудың жағдайын зерттеуге арналған. Оқытуды интеграциялау білімгерлердің жан-жақты дамуына, сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыруға ықпал ететін пәнаралық байланысты дамытуға бағытталған тиімді әдіс ретінде қарастырылды. Жұмыста интеграциялай оқытудың тарихи аспектілері, оның ғылыми анықтамалары, сонымен қатар, оқу тәжірибесіне, атап айтқанда қазақ педагогикасы контекстінде жүзеге асыру мысалдары талданды. А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты қазақ педагогтарының оқытудағы интеграциялық көзқарасты дамытуға қосқан үлесі туралы айтылды. Нәтижесінде, мақалада бұл оқыту технологиясының тиімділігі мен оның заманауи білім беру жағдайында оқушылардың ғылыми тұрғыдан әлеуетін арттырудағы маңыздылығы атап өтілді.

Кілт сөздер: білім беру, интеграциялай оқыту, пәнаралық байланыс, кіріктіру.

КІРІСПЕ

«Интеграциялай оқыту» терминінің терең тарихы мен күрделі негіздері бар. Бұл ұғымның қалыптасуы білім беру саласындағы пәнаралық әдістердің дамуымен тығыз байланысты. Бұл терминді енгізу үдерісі біртіндеп жүзеге асырылып, оқытудағы өз көрінісін кезең-кезеңмен айқындай түсті. Интеграциялай оқыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды әдістерінің бірі, ол білім алушылардың жүйелі ойлау қабілетін дамытуға және әртүрлі пәндер арасындағы байланысты нығайтуға көмектеседі. Бұл тәсіл білім беру жүйесін жаңарту мен заманауи оқыту әдістерін енгізу қажеттілігінің туындаған кезеңінде пайда болды. Себебі, дәстүрлі әдістер өзгермелі әлемде және оқушылардың дағдыларына қойылатын талаптар өскен жағдайларда өз тиімділігін жоғалтады.

ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Мақалада қарастырылған тақырыптың зерттелу барысын анықтау мақсатында ақпарат жинау, талдау және саралау әдістері қолданылды. Интеграциялық оқытуды зерттеген және оқу үдерісіне енгізуге үлес қосқан педагог-ғалымдардың еңбектері талдау материалы ретінде пайдаланылды.

ТАЛҚЫЛАУ

«Интеграция» термині, таза математикалық аспектісінен (яғни интеграл жиынының шегі ретінде) басқа, әдебиеттерде XIX ғасырдан бастап қолданылып келеді және анықтамалық дереккөздерде «бірігу», «қайта құрылу» және «толықтыру» мағынасына ие. Мұндай анықтама терминнің адамзат білімінің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылуына жол ашады. Бұл ұғымның пайда болуы мен дамуы адамдардың әрекеттеріндегі үдерістердің қажеттілігіне және әлемде орын алып жатқан объективті өзгерістерге тікелей байланысты болып табылады [1.30].

Интеграция ұғымының әртүрлі салалардағы қолданылуын қарастырайық. Ғалым, ойшыл Ф. Энгельс философиялық, қоғамдық, саяси және экономикалық мәселелер мен интеграциялық үрдістерді зерттей отырып, былай деп жазады: «Заттарды жеке - жеке, бір - бірімен қатар қарастырғанда, қарама -қайшылықтарға ұрынбаймыз, өйткені бұл жағдайда біз күнделікті ойлаудың метафизикалық тәсілдерін қолданамыз. Алайда, заттарды қозғалыс барысында олардың өзара әрекеттесуі тұрғысынан қарастыра бастағанда, бірден қарама -қайшылықтарға тап боламыз. Бұл қарама - қайшылықтардың үнемі пайда болуы және оларды бір уақытта шешу – қозғалыстың мәні». Бұл қарама - қайшылықтар тек философиялық ұстаным ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы, ғылымдағы және экономиканың түрлі салаларындағы интеграциялық үдерістердің негізі. Бұл қарама - қайшылықтарды шешу арқылы ғана біз тиімді даму мен прогреске қол жеткізе аламыз.

Жалпы, интеграция – өзара байланысты үдерістердің динамикасын түсінуге мүмкіндік беретін, әрі әлеуметтік, мәдени және ғылыми салаларда жаңа идеялар мен шешімдерді туындататын қуатты құрал. Интеграциялық үрдістердің маңызды рөлі қоғамның тұрақты дамуы мен инновацияларды алға жылжытуда айқын көрінеді. Себебі тек интеграция арқылы біз күрделі мәселелерге кешенді түрде жауап бере аламыз.

Зерттеуімізде «интеграция» ұғымы оқыту әдістерінің үйлесімділігі ретінде қарастырылды, сонымен бірге оған ғылыми таным әдістері де кірді. Енді осы ұғымның зерттеліп отырған салаға қатысты философиялық қырларына назар аударайық.

Ғалымдар интеграцияны ғылыми танымның әдіснамалық негізінің жалпылығы және оның дамып келе жатқан синтезі ретінде сипаттайды. Чех педагогы Ян Амос Коменский (1592-1670) мектеп пәндерін бөлек оқытудың теріс әсерлерін алғашқылардың бірі болып көрсеткен прогрессивті ұстаздар қатарына жатады. Ол пәнаралық байланысты білімнің жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде бағалайды. Ол өзінің «Ұлы дидактика» атты еңбегінде оқыту принциптерін табиғат заңдылықтарына сәйкестендіруді ұсынады. Сонымен қатар, мектептегі оқытудың тиімділігін төмендететін негізгі себептерді анықтайды.

Ян Амос Коменскийдің пікірі бойынша, «То, что было соединено природой, брали не вместе, а раздельно», «искусство и наука едва ли где-либо преподаются не в отрывках, а энциклопедически. Поэтому в глазах учащихся они являются как бы кучей дров или хвороста, и никто не может понять, чем они

между собой связаны: один подхватывал одно, другой - другое, и ни у кого образование не было вполне всесторонним, а, следовательно, и основательным» [2,285] деп, табиғатта бірге байланысқан нәрселерді білім беруде бөлек-бөлек оқыту дұрыс еместігін жазды. Ол өнер мен ғылымның көбінесе тұтастай емес, үзік-үзік түрде үйретілетінін сынға алды. Осылайша Я.А.Коменский мынадай қорытынды жасайды: оқушылар білімді біртұтас жүйе ретінде емес, жай ғана жинақталған материал ретінде қабылдайды. Әрбір адам әртүрлі білімнің бөлшектерін меңгергенімен, ешкім толық әрі жан-жақты білімге ие бола алмайды, бұл білімнің негізділігіне кері әсер етеді.

Ғылымның интеграциялану үдерісінің негізгі көрінісі – оның математикалық сипатқа ие болуы. Бұл көрініс тек дәстүрлі жаратылыстану салаларын, яғни астрономия, физика, химия, биологияны ғана емес, сонымен қатар экономика, тіл білімі, медицина және басқа да көптеген салаларды қамтиды. Математика жаратылыстану пәндерінің негізі ретінде қызмет етіп, басқа

ғылымдарда зерттеу әдісі мен нәтижелерді ұсыну тәсілі ретінде ғана емес, сондай-ақ жаңа білім мен фактілерді ашудың құралына айналды. Математикалық логика ғылымның интеграциясында маңызды рөл атқарып, математиканың тілін және басқа ғылымдардың танымдық көріністерін дамытуға ықпал етеді. Осылайша, ғылым мен білімдегі интегративтік үдерістердің жетекші рөлін анықтай аламыз [3,22]. Бұл ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға, білімнің шекараларын кеңейтуге және жаңа, кешенді мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Мәселен, математика арқылы басқа ғылым салаларының өзара байланыстарын анықтау және оқытуда жаңа әдіснамалар мен тәсілдерді қолдану бізге күрделі мәселелерді кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, қазіргі заманғы ғылыми жетістіктер мен технологиялардың дамуына ықпал етеді, қоғамның әртүрлі салаларында прогреске жетуге көмектеседі.

Ғылым мен білімдегі интеграция үдерістері маңызды рөл атқаратынын ескере отырып, Я. А. Коменский білім беру жүйесіне арналған бірнеше дидактикалық ұсынымдар беріп өтті. Оның табиғатқа сәйкестік қағидатының негізінде «Өзара байланысты нәрселер сол байланыста оқытылуы тиіс» деген тұжырым қалыптасты. Бұл қағида терең білім алуды қамтамасыз ету үшін интербелсенді және практикалық оқыту әдістерінің қолданылуын білдіреді. Мұндай тәсіл оқушыларға оқу материалын өмірмен байланыстыра түсіну мен оны практикалық түрде қолдануға мүмкіндік береді [2,287]. Сонымен қатар, бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, олардың шығармашылық потенциалын ашуға және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, ұлы педагог Я.А.Коменскийдің дидактикалық қағидаттары қазіргі білім беру жүйесінің қажеттілігі мен талаптарына жауап беріп, оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етті.

Табиғи заңдылықтар мен принциптерге сүйену арқылы мұғалім оқушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасай алады. Бұл идеяны кейін швейцариялық педагог Йоганнес Генрих Песталоцци дамытты. Өзінің «Метод» атты еңбегінде ол табиғаттағы өзара байланысты заттарды саналы түрде сол байланыста қабылдап, оқыту керектігін атап өткен болатын [4.175]. Й. Г. Песталоццидің бұл ұстанымы білім берудің тиімділігін арттыруда өте маңызды. Ол оқушылардың тек ақпаратты қабылдауы ғана емес, сонымен бірге оны өмірде қолдана білуі, табиғат пен қоғамның заңдылықтарын түсінуі қажет екенін көрсетті. Бұл тәсіл, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ, оларды табиғатпен, әлеуметтік ортасымен байланыстырып, болашақта жауапты азамат ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Й.Г.Песталоццидің әдістемесі бүгінгі білім беру жүйесінде де өз өзектілігін жойған жоқ, себебі бұл әдіс оқу үдерісінде табиғи және әлеуметтік байланыстарды ескеру арқылы оқушылардың дамуын ынталандырады.

Осылайша, Я.А.Коменский мен Й.Г.Песталоцци еңбектері оқытудың жүйелілігі мен тұтастығына баса назар аударған. Ал мұның негізі білім берудегі интеграцияда, яғни ғылымдар арасындағы байланыста жатыр.

Сонымен, негізгі идея – әлемдегі барлық заттардың өзара байланысын түсіну. Бұл адамға әлемді бөлшектер ретінде емес, тұтастық ретінде қабылдауға және шындықты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл үйлесімді тұлғаның дамуы мен табысты әлеуметтенуі үшін маңызды. Білімді табиғи байланыстармен интеграциялау толық және үйлесімді дамудың кепілі бола алады.

Интеграция термині ғылыми айналымға еңбес бұрын, көптеген педагогтар пәнаралық байланыс пен кіріктірілген оқыту үдерістерін негізгі әдіс ретінде қарастырды. Педагогика мен психология ғылымдары да өзара байланысты, үйлесімді салалар ретінде қарастырыла бастады. Бұл ретте психологиялық негіздерге де ерекше назар аудару қажет болды. Неміс педагогы Иоганн Фридрих Герbart пәнаралық байланыстардың оқушылардың қызығушылығын оятып, білімді терең меңгеру мен қолданудағы рөлін зерттеді. Оның тұжырымы бойынша, терең білім алудың негізі – оқушылардың бұрынғы білімдерін жаңа ақпаратпен байланыстырып, оны практикада қолдану дағдыларын дамытуда жатыр.

Орыс классикалық педагогикасында пәнаралық байланыстың дидактикалық маңызын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тереңінен зерттеуді алғаш рет педагог К. Д. Ушинский қолға алған. Ол әртүрлі ғылымдардан алынған білім мен идеялардың біртұтас, жан - жақты әлемге деген көзқарасты қалыптастыруы керек деп есептеді. Пәнаралық байланыстарды оқыту мен тәрбиелеуде жетілдіру мәселелері психологтар Е.Н. Кабанова - Меллер, Н.А. Талызина, сондай-ақ әдіскерлер М.Р. Львов, В.Г. Горецкий сияқты ғалымдардың жұмыстарында кеңінен талқыланған.

Бұл идеяны жалғастыра отырып, пәнаралық байланыстардың оқушылардың жан-жақты дамуына және олардың білімді терең меңгеруіне ерекше әсер ететінін атап өтуіміз керек.

Отандық ғылымда пәнаралық байланыс пен интеграциялай оқыту мәселесі 1920 - жылдары белсенді түрде зерттеле бастады. 1922 жылы Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жанында еңбек мектебінің үлгі бағдарламасын әзірлеу үшін арнайы комиссия құрылды. Комиссияның мақсаты – оқытудың кешенді әдісін енгізу, яғни пәндік оқытудан кешенді оқытуға көшу болды. Бағдарлама жергілікті материалдарды пайдалана отырып, өндіріс саласына қатысты мазмұнды қамтып, оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталды. 1924 жылы Мемлекеттік ғылыми кеңес кешенді оқыту бағдарламасын ресми түрде бекітті. Бұл әдістің негізгі ерекшелігі тәрбиеге ерекше көңіл бөлініп, мұғалімдерден жан-жақты білім талап етілді. Мұғалімдердің жиі кездесетін "әдістемелік қиыншылықтары" жайлы мәселені талдай отырып, хат авторлары бұл қиыншылықтардың себебі ретінде мынаны көрсетті: "Енді пәндерді емес, еңбек кешендерін, арифметика мен географияны емес, тоғайды, даланы, базарды және басқа да нақты заттарды оқыту қажет". Яғни, қиыншылық нақты заттарды қоршаған ортаға қатысты талдай отырып, балаға сөйлеу, есептеу дағдыларын және ойлаудың негізгі тәсілдерін үйретуде көрінеді, сонымен қатар бұрын пәндер бойынша берілетін ғылыми білімдерді оқыту туралы да айтылды [5]. Бұл тәсіл қазіргі білім беру жүйесінде де өзекті болып табылады, себебі ол оқушылардың шынайы өмірмен тығыз байланыста білім алуын қамтамасыз етеді. Нақты өмір жағдайларын сабақта қолдану балалардың қызығушылығын арттырып, олардың білімін тереңдетеді. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады, практикалық дағдыларын жетілдіреді және алған білімдерін өмірде қолдана білуіне мүмкіндік береді. Осылайша, кешенді оқыту әдісі білімнің мәнін терең түсінуге және жеке тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Қазақстанда бұл әдісті жүзеге асыруда ұлттық ерекшеліктер ескерілді. Қазақ зиялылары бастауыш мектепке арналған оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеуде ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді назарға алды. Бұл оқулықтар қазақ тілінде жазылып, ауыз әдебиеті мен ұлттық мәдениет элементтері енгізілді.

1920 - жылдардың басында қазақ зиялылары, оның ішінде А.Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов және Х. Досмұхамедов бастауыш мектепке арналған оқу құралдарын (мысалы, «Оқу құралы», «Әліп-би», «Табиғаттану», «Есептану құралы», «Пішіндеме» және т.б.) және әдістемелік нұсқауларды («Баяншы», «Нұсқаушы», «Бастауыш сыныпта ана тілі» және т.б.) әзірледі. Олар өз жұмыстарында ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, пәнаралық байланыстың маңыздылығын атап өтіп, оқытуды интеграциялау тәсілдерін ұсынды. Мәселен, А. Байтұрсынұлы оқытудың тиімді әдістерін талқылай отырып, оқушыларға білімді формалдық ережелерді жаттатудан гөрі, оны түсіндіру және қорыту арқылы меңгерту қажеттігін ұсынды [6]. Бұл идея пәнаралық байланыстың және кіріктіріп оқытудың негізін қалаушы тұжырымдардың бірі болып табылады.

М. Жұмабаев оқыту үдерісінде балаға нақты бейнелер мен суреттер арқылы білім беру қажеттігін атап, оқыту барысында баланың өмірлік тәжірибесіне сүйену керек деген пікірді ұстанды [7]. Оның көзқарасы бойынша, мектеп пен тұрмыс бір-бірінен алшақ болмауы тиіс, яғни білім өмірмен тығыз байланыста болуы керек.

Ж. Аймауытов дүниетану пәнін балалардың өмірлік тәжірибесіне сәйкестендіріп ұйымдастыруды ұсынды. Ол туған жердің табиғаты мен қоршаған ортаны танып білу арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың маңыздылығын ерекше атап өтті [8]. Мұндай

әдіс оқушылардың алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына мүмкіндік беріп, интеграцияланған оқытудың тиімділігін көрсетеді.

Осылайша, сол кезеңдегі кешенді бағдарлама пәнаралық байланыстар мен кіріктірілген оқытуды жүзеге асыруды талап етті. Оқушылар өмірді тікелей зерттеуге және оны тәжірибеде қолдануға бағытталды. Бағдарлама үш формада көрініс тапты: біріншіден, баланың өмір сүру ортасының мектепке енгізілуі; екіншіден, бақылау нысаны ретінде табиғаттың алынуы; үшіншіден, ғылыми зерттеу қажеттілігі, мұнда жазба жұмыстары, экспедициялар және дәрістер өткізу маңызды элементтер ретінде қарастырылды.

Қазіргі уақытта "интеграция" ұғымы білім беру саласында кең мағынада қолданылады. Мектептерде пәнаралық байланыстарды орнату және оқу мазмұнын біріктіру арқылы оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсат етілген. Жаңа стандарттар негізінде интеграция үдерістері білім беру сапасын арттыруға бағытталған, өйткені ол пәндерді өзара байланыстыра отырып, оқушыларға дүниені тұтастай тануға мүмкіндік береді.

ЮНЕСКО-ның 1993 жылғы сессиясында қабылданған шешімге сәйкес, "интеграцияланған білім беру" ұғымы инклюзивті білім берумен теңестірілді [9]. Бұл шешім интеграцияны тек пәндік мазмұнмен шектемей, білім алушылардың әртүрлі физикалық және психикалық ерекшеліктеріне қарамастан, бәріне тең мүмкіндіктер беруді қамтитынын көрсетті. Осылайша, инклюзивті білім беру – қоғамдағы барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға да білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. Қорыта айтқанда, қазіргі мектептердегі интеграция тек пәнаралық байланыс арқылы емес, сонымен бірге инклюзивті оқыту арқылы жүзеге асырылып, әрбір оқушының әлеуетін толық ашуға жағдай жасауға бағытталған деп қарастырылып та жүр.

Бүгінде мұндай үдерістер оқушылардың пәндер арасындағы байланыстарын түсінуін арттырады. Интеграцияланған оқу әдістері білімнің тереңдетіліп, кең ауқымда қабылдануына ықпал етіп, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, оны практикалық тұрғыдан өмірде қолдануға дайын болады.

НӘТИЖЕ

Интеграция педагогикада дәстүрлі құбылыс және көбінесе пәнаралық деңгейде көрінеді. Мысалы, әдебиет пен бейнелеу өнері пәндерін біріктіру. Ол қоршаған құбылыстар мен үдерістер арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқу уақытын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Интеграциялай оқытудың басты мақсаттары – білім сапасын жақсарту және педагогикалық ұжымдардың шығармашылық әлеуетін арттыру. Бұл үдеріс ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру әдістерін, жеке тұлғаның қалыптасуын және дүниетанымдық көзқарастарды ескереді. Ғылыми интеграция қазіргі ғылымның тенденцияларын анықтауда маңызды рөл атқарады, мысалы, қоғамның дамуындағы әлеуметтік қызметтер мен ғылыми жаңалықтардың әдістемелік сүзгіден өтуі.

Ғылыми синтез табиғат, қоғам, адам, техника, өнер сияқты нысандарды зерттеуде жүзеге асырылып, пәнаралық бағыттарды (адамтану, қоғамтану және т.б.) қамтиды. Білімнің интеграциялық тенденциялары нақты ғылымдар мен философия арасындағы күрделі қарым-қатынастарды көрсетеді, ал интеграциялық теориялар мен бағыттар жаңа ғылыми бағыттар ретінде пайда болады.

Мектептегі білім беру мазмұнын жетілдіру үшін интеграцияны тиімді пайдалану үшін әдіскер ғалымдар үш негізгі шартты ұсынады: зерттеу объектілерінің сәйкестігі, бірдей немесе ұқсас зерттеу әдістерінің қолданылуы және ортақ заңдылықтар мен теориялық тұжырымдамаларға негізделу. Мысалы, жаратылыстану ғылымдары ішінде математика пәнінің оқытылуы мектептен басталады, бірақ оның идеяларымен танысу әлдеқайда ертерек жүреді.

Балалар әдебиеті, балалар фольклоры, мысалы, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар мен ертегілер – бұл идеяларды балаға жеткізетін маңызды дереккөздердің бірі. Кішкентай кезінен осындай әдебиет үлгілерін тыңдаған бала міндетті түрде математиканы да меңгеруді бастайды. Орта мектепте оқытылатын қазақ батырлары туралы ертегілерде қаһарманның күндеп, апталап, айлап өсетіні, ұзақ уақыт бойы өз ауылынан жырақта болатыны және оралғанда елі ұлан-асыр той жасауы секілді мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Қазақстанның қоғамдық дамуы білімнің терең мәні мен табиғатын түсінуді талап етті. 90-жылдардан бері қазақстандық ғалымдар білімнің онтологиялық, аксиологиялық және гносеологиялық аспектілеріне назар аудара бастады. Өртүрлі білім беру мәселелері А.Е. Әбілқасымова, Г.Е. Алимухамбетова, Г.К. Ахметова және басқа зерттеушілердің еңбектерінде зерттелді.

Мысалы, А.А. Бейсенбаеваның зерттеулерінде жоғары сынып оқушыларының пәнаралық байланыстары негізінде оқытудың теориялық- әдістемелік негіздемесі ұсынылған. Бұл тұжырымдама пәнаралық білім интеграциясын гуманитарлық ғылымдар циклі бойынша білімнің көпәспектiлi және полифункционалды құбылыс ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бұл арқылы тұлғаның iзгiленген моделi мен бiртұтас бiлiм жүйесi қалыптасады [10.87]. Осылайша, пәнаралық байланыстар бiлiм беру процесiн байыта отырып, оқушылардың сыни ойлау қабiлеттерiн дамытуға, шығармашылық әлеуетiн арттыруға және алған бiлiмдерiн практикалық өмiрде қолдануға мүмкiндiк бередi. Мұндай интеграцияланған тәсiлдер жастардың жан-жақты дамуына, олардың әлеуметтiк және кәсiби өмiрге бейiмделуiне зор ықпал етедi. Интеграцияның нәтижесiнде бiлiм беру жүйесi әлдеқайда тиiмдi, мәндi және өмiрмен тығыз байланыста болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазiргi таңда бiлiм беру жүйесiнде iзгiлендiру, гуманитарландыру, жекелеу және интеграция секiлдi бағыттар маңызды рөл атқарып келедi. Бiлiмгердiң жан- жақты дамуына назар аударылып жүр, оның iшiнде интеллектуалды, адамгершiлiк, эмоционалды және денелiк аспектiлерiн қамтитын кешендi зерттеулер қазiр де зерттелу үстiнде. Жалпы, интеграциялай оқытудың тиiмдiлiгi бiлiм беру мазмұнын жаңарту, пәнаралық байланыстарды нығайту және оқу үдерiсiн сапалы жақсартуға бағытталған. Бұл әдiс оқушылардың бiлiмiн бiртұтас және терең жүйе ретiнде қабылдауға мүмкiндiк бередi, сонымен қатар олардың ғылыми және практикалық дағдыларын жетiлдiредi

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мұханбетжанова Ә., Мұханбетжанова А. /Кіріктірілген білім беру: теория және тәжірибе. Монография (3-ші бас.). Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021. – 292 бет.
- 2 Коменский Я. А. Избранные педагогические сочинения. -М., 1955
- 3 Казначеев В.П., Спирин Е.А. Космопланетарный феномен человека: Проблемы комплексного изучения. Новосибирск: Наука. Сибирское отделение. 1991. - 304 с.
- 4 Песталоцци И. Г. Избранные произведения, т.2. -М., 1963
- 5 Бержанов Қ. ГУС программасымен жұмыс // Ауыл мұғалімі. – Қызылорда, 1927.-12 б.
- 6 Байтұрсынов А. Ақжол: өлеңдер мен тәржімалар, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. // құрастырған Р. Нұрғалиев. - Алматы: Жалын, 1991. -464 б.
- 7 Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі,1992. - 106 б
- 8 Аймауытұлы Ж. Психология. - Алматы: Рауан,1995. -312 б.
- 9 https://amgpgu.ru/upload/iblock/dde/skorokhod_m_i_chebrovskaya_s_v_inklyuzivnoe_obrazovanie_k_opredeleniyu_ponyatiya_materialy_stendovog.pdf
- 10 Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: РБК, 1995. 117 б.

REFERENCES

- 1 Mukhametjanova, A., & Mukhametjanova, A. (2021). Integrated Education: Theory and Practice. Monograph (3rd ed.). Karaganda: “Medet Group” LLP. – 292 p.
- 2 Comenius, J. A. (1955). Selected Pedagogical Works. Moscow.
- 3 Kaznacheev, V. P., & Spirkin, E. A. (1991). The Cosmoplanetary Phenomenon of Man: Problems of Complex Study. Novosibirsk: Science, Siberian Branch. – 304 p.
- 4 Pestalozzi, J. H. (1963). Selected Works, Vol. 2. Moscow.
- 5 Berzhanov, K. (1927). Work with GUS Program. Rural Teacher. – Kyzylorda. – 12p.
- 6 Baitursynov, A. (1991). Akzhol: Poems, Translations, Public Articles, and Literary Research. Compiled by R. Nurgaliev. Almaty: Zhalyln. – 464 p.
- 7 Zhumabaev, M. (1992). Pedagogy. Almaty: Ana Tili. – 106 p.
- 8 Аймауытов, Ж. (1995). Psychology. Almaty: Rauan. – 312 p.
- 9 https://amgpgu.ru/upload/iblock/dde/skorokhod_m_i_chebrovskaya_s_v_inklyuzivnoe_obrazovanie_k_opredeleniyu_ponyatiya_materialy_stendovog.pdf
- 10 Beissenbayeva, A. A. (1995). Organization of the Educational Process Based on Interdisciplinary Connections. Textbook for Higher Education Students. Almaty: RBK. – 117 p.

Состояние изученности интегрированного обучения

И. К. Куатова¹, Б. Д. Керимбекова²

¹Магистрант, SDU university, г.Алматы. 050000, Республика Казахстан

²кандидат филологических наук, ассоциированный профессор SDU University, г.Алматы. 050000, Республика Казахстан

Статья посвящена исследованию состояния интегрированного образования в современном образовательном процессе. Интеграция образования рассматривалась как эффективный метод, направленный на развитие межпредметной коммуникации, способствующий всестороннему развитию учащихся, формированию критического мышления. В работе проанализированы исторические аспекты интегрированного образования, его научные определения, а также примеры реализации в контексте казахской педагогики. Обсуждался вклад таких казахских педагогов, как А. Байтурсынулы, М. Жумабаев, Ж. Аймауытов в развитие интегративного подхода к образованию. В результате в статье подчеркивается эффективность данной технологии обучения и ее значение в повышении научного потенциала обучающихся в современной образовательной среде.

Ключевые слова: образование, интегрированное обучение, межпредметные связи, интеграция.

The state of knowledge of integrated learning

¹Kuatova¹, B. D. Kerimbekova²

¹undergraduate student, SDU University. Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at SDU University, 050000, Republic of Kazakhstan

The article is devoted to the study of the state of integrated education in the modern educational process. Integration of education was considered as an effective method aimed at developing interdisciplinary communication, contributing to the comprehensive development of students, the formation of critical thinking. The work analyzes the historical aspects of integrated education, its scientific definitions, as well as examples of implementation in the context of Kazakh

Ш. Уәлиханов ат. КУ Хабаршысы – Вестник КУ им.Ш.Уәлиханова – Bulletin Sh.Ualikhanov KU Педагогика ғылымдары сериясы–Серия Педагогические науки–A series of Pedagogical science №3/2024 pedagogy. The contribution of such Kazakh teachers as A. Baitursynuly, M. Zhumabayev, Zh. Aimaurov to the development of an integrated approach to education was discussed. As a result, the article emphasizes the effectiveness of this teaching technology and its importance in increasing the scientific potential of students in the modern educational environment.

Keywords: education, integrated learning, interdisciplinary communication, integration.